

**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің докторанты
Ажитаева Лаура Амантайқызының 8D08103 - «Жеміс-көкөніс
шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша «Оңтүстік Қазақстан
жағдайында жүзімнің жаңа сорттары мен гибрид түрлерін өсірудің
шаруашылық-биологиялық негіздеу және бағалау» тақырыбында
орындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

1. Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу.

Ажитаева Лаура Амантайқызының «Оңтүстік Қазақстан жағдайында жүзімнің жаңа сорттары мен гибрид түрлерін өсірудің шаруашылық-биологиялық негіздеу және бағалау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы Оңтүстік Қазақстан жағдайында жүзім өсіру саласының дамуы үшін маңызды әрі өзекті тақырыпты қозғайды. Жүзім – ауыл шаруашылығындағы стратегиялық дақылдардың бірі, әсіресе бұл аймақта. Оңтүстік Қазақстан өнірі жүзім өсіруге қолайлы климаттық жағдайларымен белгілі, бірақ қазіргі таңда ескі сорттар мен гибридтерді өсірудің өнімділігі төмендеу, ал нарық талаптары мен өзгеріп жатқан климат жағдайлары жаңа сорттардың қажеттілігін туғызуда. Осыған байланысты, жаңа сорттар мен гибридтердің биологиялық және шаруашылық түрғыдан негізделген бағалауы өте маңызды.

Жүзімнің жаңа сорттары мен гибридтерінің осы аймақта өсірілуін зерттеу ғылыми түрғыдан жаңа бағыттарды ашуға, шаруашылықтар үшін тиімді әдістер мен тәсілдер ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс Оңтүстік Қазақстандағы жүзім өсірудің өнімділігін арттыру, сорттық құрамды жаңарту және шаруашылық шығындарын азайту үшін маңызды. Қазіргі климаттың өзгеруі, су ресурстарының шектеулілігі және нарық сұраныстарының өзгеруі бұл зерттеуді өзекті етеді. Оңтүстік Қазақстан аймағында жүзім шаруашылығы дамып келе жатқан сала болып табылады, әрі жаңа сорттар мен гибрид түрлерін өсіру арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік бар.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында 2021-2023жж. Мемлекеттік бағдарламалармен байланысты «Био және IT-технологиялары жетістіктері негізінде жемістер мен жидектердің, жаңғақ дақылдарының және жүзімнің сорттары мен будандарын құру, оларды Қазақстанның әр түрлі аймақтары үшін өсіру технологияларын әзірлеу» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жоба аясында орындалған. Айта кету керек, диссертация авторы Ажитаева Л.А. осы жобаның орындаушысы болған.

2. Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу.

Докторант зерттеулерінде ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми және әдіснамалық ережелерді қолданған. Жұмыста табиғи және агротехникалық факторлардың әсері,

сондай-ақ жүзім сорттарының биологиялық қасиеттері мен шаруашылықтың сапалары жөніндегі бұрыннан бар зерттеулерге сүйену арқылы негізгі әдіснамалық бағыттары айқындалған. Әдіснамалық тұрғыдан, тәжірибелік зерттеудердің жан-жақты жүргізілуі, агрономиялық және биологиялық анализдердің тиімділігі жұмыс барысында ерекше көрсетілген.

3. Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Докторанттың ғылыми жұмысының нәтижелері нақты және негізді болып табылады. Жүзімнің жаңа сорттары мен гибридтерінің шаруашылық-биологиялық қасиеттері бойынша жүргізілген зерттеудердің нәтижелері аймақтық агротехникалық әдістерге негізделген. Ғылыми зерттеудердің нәтижелері, атап айтқанда, жүзімнің жаңа сорттары мен гибрид түрлерінің өнімділігі, ауруларға тәзімділігі мен сапалық көрсеткіштері бойынша нақты деректермен расталған және толық дәлелденген. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері аймақтық климатқа бейімделген жаңа сорттардың өсірілу мүмкіндігін нақты көрсетеді.

4. Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастыры.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны жүйелі түрде әрі логикалық тұрғыда дұрыс құрылған. Жұмыстың бөлімдері өзара байланысып, ғылыми зерттеу әдістерінің негіздері, жүргізілген зерттеудердің нәтижелері және оларды бағалау тұрғысынан рет-ретімен баяндалған. Диссертацияда қолданылған әдебиеттер мен деректер толыққанды, олар ғылыми зерттеу үшін қажетті мәліметтерді қамтамасыз етеді.

5. Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі айтартылғатай. Ол жүзім сорттары мен гибрид түрлерінің шаруашылық-биологиялық тұрғыдан бағалануын жан-жақты зерттеп, Оңтүстік Қазақстан жағдайында тиімді пайдаланылуы мүмкін сорттар мен гибрид түрлерінің нақты тізімін ұсынды. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелерге өндірістік ұсыныстар жасалып, олар тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, агротехникалық тәжірибеде де қолдануға ынғайлыш.

Ізденуші алдына қойған міндеттерді толығымен орындаған. «Диссертацияның негізгі нәтижелері журналдарда және конференция материалдарында 10 ғылыми мақалада жарияланды, оның ішінде: 48% квантильдік индексі бар Scopus дерекқорына кіретін журналда 1 мақала (Q3), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 3 ғылыми мақала, 4 жарияланым халықаралық ғылыми конференция материалдарында. Сондай-ақ, селекциялық жетістіктерге 2 патент тіркелген. Автордың h-индексі-1.

6. Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.

Докторант Л.А. Ажитаеваның зерттеуші ретіндегі қабілеті жоғары. Ол жүзім шаруашылығы саласындағы заманауи ғылыми әдістер мен тәжірибелерді тиімді пайдаланып, ғылыми зерттеулер жүргізу барысында практикалық әдістерді де қолдана білді. Ажитаева Лаураның ғылыми зерттеу әдістері мен

статистикалық талдау тәсілдерінен жақсы тәжірибеге ие, және өз зерттеуінде ғылыми тәсілдерді жоғары деңгейде қолданған.

7. Диссертацияның мазмұны мен оны рәсімдеудегі кемшіліктер.

Ажитаева Лаура Амантайқызының диссертациялық жұмысына жалпы алғанда орфографиялық қателіктер аз кездеседі, бірақ кейбір мәтін бөліктерінде аздаған орфографиялық кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер негізінен мәтіннің белгілі бір бөліктерінде сөздердің дұрыс жазылмауы немесе қосымша таңбалардың қате қолданылуынан туындайды.

1. Кейбір жерлерде сөздердегі үлкен және кіші әріптердің қолданылуының дұрыстығына көніл аударылған жөн. Бұл көбінесе жеке атаулар мен терминдердің жазылуында байқалады.

2. Сөздердің бөлінуі немесе қосылып жазылуы кейде әдеби тіл нормаларына сәйкес келмейді. Мысалы, қосарлы сөздер мен жалғауларды дұрыс орналастыруға назар аударған жөн.

Бұл кемшіліктер жалпы зерттеу жұмысының сапасына айтарлықтай әсер етпейді.

8. Диссертацияның дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкестігі және докторантқа Ажитаева Лаура Амантайқызының 8D08103 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Ажитаева Лаура Амантайқызының «Оңтүстік Қазақстан жағдайында жүзімнің жаңа сорттары мен гибрид түрлерін өсірудің шаруашылық-биологиялық негіздеу және бағалау» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай келеді және оның авторы 8D08103 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп есептеймін.

**«Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ»
ЖШС, Басқарма Төрағасының
ғылыми орынбасары, а.ш.ғ. кандидаты,
ҚР ҰАҒА академигі**



Казыбаева С.Ж.